

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми
журнал

2014, №2 (1)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2014, №2 (1)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2014, №2 (1)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год
(в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseytova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov
(Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and
Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan,
registration certificate:

No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year
(in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the
journal.

ӘОЖ 323:908] (574)

КҮРЕҢБЕЛ ӨңІРІНЕ ЭТНО-ТАРИХИ ЭКСПЕДИЦИЯ

Байжуманова З.Б.

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы)

Кіші ғылыми қызметкер

E-mail:b.zamzagul75@mail.ru

Аңдатпа: Мақала Алматы облысы, Кербұлақ ауданы аймағынан жинақталған ауызша тарих материалдары негізінде өрбиді. Күреңбел өңірінің қысқаша тарихи оқиғалары мен би-болыстардың, батырлардың ерлік істері жайлы баяндалады. Сонымен бірге, осы өңірдің тамаша табиғаты жайында да мағлұматтар қарастырылады.

Кілт сөздер: Күреңбел, Алтынемел, Айғайкүм, Тезек төре, би, батыр, ру, ауыл, табиғат, жер.

ЭТНО-ИСТОРИЧЕСКАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ В РЕГИОН КУРЕНБЕЛЬ

Байжуманова З.Б.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы)

Младший научный сотрудник

E-mail:b.zamzagul75@mail.ru

Аннотация: Статья подготовлена на основе материалов устной истории, собранных на территории Кербулакского района Алматинской области. В работе освещаются ключевые исторические события региона Куренбель, а также повествуется о героических деяниях биев, волостных правителей и батыров. Наряду с этим представлены сведения об уникальных природных особенностях данного края.

Ключевые слова: Куренбель, Алтын-Эмель, Поющий бархан (Айгайкум), Тезек төре, би, батыр, ру (род), аул, природа, земля.

ETHNO-HISTORICAL EXPEDITION TO THE KURENBEL REGION

Baizhumanova Z.B.

Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanova (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Junior Researcher

E-mail:b.zamzagul75@mail.ru

Abstract: The article is based on oral history materials collected from the Kerbulak district of the Almaty region. It outlines the historical events of the Kurenbel region and depicts the heroic deeds of biys, volost rulers, and batyrs. Additionally, information regarding the magnificent nature and landscape of this area is examined.

Keywords: Kurenbel, Altyn-Emel, Aigaykum (Singing Sand Dune), Tezek Tore, biy, batyr, ru (clan), aul (village), nature, land.

Кіріспе

Отандық тарих ғылымын кеңейту негізінде Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында «Халық тарих толқынында» атты бағдарламаның «Жүз ауыл», «Жүз қария», «Ою-өрнек құпиясы», және «Шежіре» тақырыптары бойынша Қазақстанның барлық облыстарына, аудандарына, ауылдарына этно-тарихи экспедиция жасалынып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осы тұрғыда Алматы облысы, Кербұлақ ауданы өңірінен ауызша деректер алынды. Аталмыш аймақтағы халықтардың тарихы, мәдениеті, өркениеттілігі, кәсібі және ел ішіндегі аты аңызға айналған адамдар жайлы материалдар жинақталды. Осы ауданданға қарасты Басши ауылының тұрғындары зейнеткер ұстаз Баққожаев Нүсіпқожа Иманқұлұлымен, Өмірбек Жақыпбек Самылтырұлымен, Шаңқанай ауылының тұрғыны Нұртай қажы Айдынбайұлы, Қызылжар ауылының тұрғыны Сырлыбеков Баян сияқты т.б.көптеген ауыл тұрғындармен кездесіп, сұқбаттар алынып, сауалнамалар жүргізіліп, олардың білгендері, көнекөз қариялардан естігендері бойынша мәліметтер жинақталып, жазылып алынды.

Іле мен Жоңғар Алатауының аралығында орналасқан тарихы терең, тамашатабиғаты бар, қазіргі Алматы облысы, Кербұлақ ауданының аймағын сонау ерте заманнан бері халық «Күреңбел» деп атайды. Олай аталуының өзіндік бір себебі кезінде Асан Қайғы бабамыз Желмаясына мініп, Жерұйықты іздегенде Іленің шығыс жағына өтіп, Матай тауының бөктеріне келгенде осы маңды көріп «Құты да жоқ, жұты да жоқ, күрең ғана бел екен», - деген екен. Сол ерте кезден бастап бұл өңір «Күреңбел» -деп аталып кеткен. Күреңбел маңы қыста қалың қарлы, жазда көк майса жайлау, көктем кезінде жазығындағы жайқалған алқызыл қызғалдағын арнайы егіп өсірген секілді, көздің жауын алатын тамаша табиғаты бар, шөбі шүйгін, бидай, арпа сияқты дәнді дақылдар өсетін, Алтынемел асуы, Матай тауы, Архарлы асуы, Айғайқұм, Қоянды, Быжы, Кескентерек, Кербұлақ, Терісаққан т.б. сияқты таулы, өзенді, асулы жерлері бар өңір бұл осы Күреңбел.

Бұл өңірде көбінесе Жалайырлар, Қаңлылар, Шапыраштылар, Албандар, Жағалбайлылар, Керейлер, Қарақалпақтар сияқты көптеген рудың ұрпақтары аралас мекен етеді. Осы рулардан басынан сөз асырмаған билер мен елін жаудан қорғаған көптеген батырлар шыққан. Солардың бірі тарих бетінде аттары қалған Тезек төре, Балпық би, Малайсары батыр, Жоламан батыр, Сәмен батыр, Жайнақ батыр, Шормaq батыр, Дос батыр, Тіленші қажы, Қожбамбет би, Дәулет би, Матай би, Қазыбек бек Тауасарұлы, Бармақ батыр, Құлжабай әулие, Шормaq батыр, Бөлек батыр, Рахым би, Жамбай батыр, Құндақбай мерген т.б. сияқты би-батырлар жайлы да көптеген аңыз әңгімелер мен деректер де баршылық.

Бұл Күреңбел қазақтың атақты ғалымы, этнограф, тарихшы, Ш.Ш. Уәлихановтың сүйегі жатқан жер. Тезек төре аға сұлтан болып тұрған шағында Шоқан Тезек төренің қарындасы Айсараға үйленіп өмірінің соңғы күндерін осы өңірде өткізген. 1865 жылы қайтыс болғанда осы жерден топырақ бұйырыпты. 1881 жылы Шоқанның зиратына генерал Г.А. Колпаковский ақ мәрмәр тастан құлпытас қойды. Бұл құлпытас Шоқанның ғылымға сіңірген еңбегін ескере отырып, генерал губернатор Фон Кауфманның бұйрығы бойынша Орал тауында жасалынып, Жетісуға түйеге артып әкелініпті. Сонымен бірге мұнда Шоқанның 5 метрлік қола мүсінін Ленинградтың «Манетный двoryнан» құйдырып әкеліп орнатқан. Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орайқазір осы жерде Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемлекеттік мемориалдық мұражайы ашылып жұмыс істеуде.

Бұл өңірде бірнеше жыл төрелік еткен Абылайханның немересі Тезек төре. Оны тарихтан өзінің ақындығымен, шешендігімен, ел билеудегі парасаттылығымен, қайырымдылығымен, әділдігімен білеміз. Тезек төренің бірде қатар жатқан екі елдің малы көбейіп жерге таласып, төреге жүгінгендегі дауды шешіп, адал шешімін айтуын мынадан көреміз. «Бұл қазаққа айтар сөзім екі ру жайлаған қоныстарының екі шетінен екі балаға ат мінгізіп, бір мезгілде жіберіндер. Сол балалар аттары түйіскен жерден екіге бөлініп, тату-

тіршілік етіндер. Бала періште емеспе», – депті. Төренің ақылына тоқтаған екі ел байлардың малы үшін алыспай бейқұт тірлігін жалғапты. [3, 49-б.] Осы өңірде ол отыз жылға жуық аға сұлтан болып билік құрып, Күренбел өңіріндегі Алтынемел, Қоянкөз, секілді жерлерін көктеуі мен күзеуі етіп, Аралтөбе, Қалмаққора, Басши сияқты жерлерін қыстауы етсе керек. Тезек төренің кезінде жер дауы, жесір дауы, адам дауы, құн дауы, мал дауы т.б. дауларды шешуде Албан, Суан, Жалайыр руларының болыстары, билері, шешендері осы Күренбел өңірінің, бұрынғы «Төгерек» қазіргі «Басши» жерінде бас қосқан екен. Оны бұл шынайы ұлттық – құрылтайларын өткізетін жер Жоңғар тауының бір шеті «Ұзынбұлақ» жайлауындағы қолайлы жер белгіленген. Ол жер Қарағайлы жайлауындағы – «Майлы ошақты»–деген жерді таңдапты. Оңтүстігінде «Найза-тапқан» –атты ежелгі шипалы арасаны бар. Осы Майлы ошақтыда олар екі-үш жылда бір рет жиналып дау шешкен екен. Майлы ошақтыда қазірге дейін қырық ошақтың орны бар. Бұл Ынталы, Сәтті жол, Қоңырөлең, Сары төбе, Көктал, Жаркенттің, Күренбелдің Қоғалысынан арғысы Талдықорған Балқаштан, Үшарал, Ақсудан жиналған ақсақалдардың дау шешетін құрылтайы болғандығын дәлелдейді.

Сол кездері Күренбел маңына жоғарыда аталған Жалайырлар, Жағалбайлылар, Керейлер, Қаңлылар, Қарақалпақтар сияқты рулардың ұрпақтары көшіп келіп, Тезек Төреден жер сұрап алып, осы өңірде қоныстанып осы күнге дейін тұрып қалған екен. Жағалбайлылардың тұрақтап қалуының бір себебі: Жоңғар соғысы кезінде Әбілхайыр хан кіші жүз азаматтарын осы маңға соғысқа бастап келгенде Жағалбайлылар құрамында келеді. Содан Жағалбайлы атамyzдың балалары осы маңда қалып қалса керек. Сонымен бірге, Керейлер Кененсары әскерімен осы маңда Қырғыздармен соғысуға келіп, қалып қалса керек. Сол кезде Іленің сол қанаты түгелдей Шу, Талас өңірі түгелдей Балқаштың батыс тұмсығына дейін Қырғыздар жаулап алыпты. Содан Қырғыздарға Кененсары соғыс ашып, жоғарыда аталған жердің бәрін қазаққа қайтарып алыпты. Сол Керейлердің қалдығы күні бүгінге дейін осы Кербұлақ ауданының әр ауылдарында тұрып жатса керек. Сол кездері бұл маңға Қаңлылар да келіп қоныстаныпты. Қаңлыларды, Қаңлының Бадырақ руынан шыққан Жамбай деген кісі бастап келіп, Тезек Төреден жер алып, тұрақтап қалыпты. Жалайыр руының Ақбұйым ұрпақтары да Тезек Төреден жер сұрап келіп, осы маңда тұрақтапты. Бұл Жалайырларды Құлжабай деген әулие кісі бастап келіпті. Ол кісі үнемі өгізге мініп жүретін кісі болса керек. Құлжабай әулие деп аталу себебі көріпкелдігі бар, емші, киелі аруақты адам болған екен. Қарақалпақ руынан шыққан Малдыбай деген би, барлық Қарақалпақ руластарымен жиналып, осы Матайдың тауының бөктеріне келіп, Тезек Төреден жер алып, ол да руластарымен осы маңда тұрып қалыпты.

1852 жылдары бұл маңға орыстар да келіп бекініс сала бастапты. Орыстардың келгеніне наразы болған осы маңдағы Шапырашты руы орыстармен соғыса бастайды. Орыстардың зеңбірегінен, қару-жарақтарынан қорыққан Шапыраштылар Іленің арғы жағына Қытайға қарай өтіп кетіпті. Кейіннен Шапыраштының Түрікпен руынан шыққан Смайыл деген кісі Іленің арғы жағына өтіп кеткен руластарын қайта ата-қонысына көшіріп келеді. Содан осы руластарының басын қосып Смайыл ақсақал оларға болыс болады.

Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы XVIII ғасырда өмір сүрген. Сол кездің өзінде көзі ашық сауатты, тарих, әдебиет т.б. салаларда білім алған. Қазақ тарихына үлкен үлес қосатын «Түп-тұқианнан өзіме шейін» атты кітабын өскелең ұрпағына мол мұра етіп қалдырған. Осы кітабы арқылы XVII – XVIII ғасырлардағы болған соғыстар жайлы, сонымен бірге, біз біле бермейтін көптеген батырлардың ерлік істері жайлы, өз көзімен көргендерін жазып қалдырған. Бұл кітабында қазақтың шежіресін, сондай-ақ, Әбілхайыр хан, Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке сынды билердің Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Наурызбай сияқты батырлардың өзі куә болған ерлік істері жайлы да баяндалады. Аңырақай шайқасында Ұлы жүз қолының қолбасшысы болып, осы соғыс жайлы нақты дерек жазып қалдырған бірден-бір тұлға.

Шормақ батыр шамамен 1780 жылдары туған. Албан елінің, Қоңырбөрік руынан тараған. Осы рудың биі, әрі еліне белгілі батыр болған. Қазіргі осы Кербұлақ ауданы (Күреңбел өңіріндегі) Басши ауылы аймағында өмір сүрген. Қырғыздардың Қарабатыр деген батыры бастап барымталық жасап, қазақтардың тыныштығын ала берген соң Шормақ батыр Қарабатырды өлтіріп кек алады. Ол жөнінде Ерғали Ахметұлының 1997 жылы 31 қазанда «Жетісу» газетіне жариялаған «Шормақ батыр», – атты мақаласында былай делінген: «Қырғыздардан шыққан Қарабатыр деген мықты Албан, Суанның, оның ішінде Сарқұлдардың жылқысын айдап әкетіп тыныштық бермейді. Ол кезде Шормақтың жиырманың ішіндегі қылшылдаған қылыштай, күш-қуаты тасыған, батылдығымен, батырлығымен ел аузына түсе бастаған кезі екен. Шыдамы таусылған ол Қарабатырдан кек алуға ақсақалдардан рұқсат сұрайды. Олар ары кеңесіп, бері кеңесіп ақыры рұқсат береді. Керегінше адам ертуге ақыл қосады.

Шормақ жанына тандап аз ғана жігіт алады. Сөйтіп, Қарабатыр жайлайды деген жайлауға келіп, сол маңдағы елден сыр тартады. Сөйтсе Қарабатыр басы тұйық бір салалы ұзын сайды жайлайды екен. Сайдың аузындағы кіре берісті күндіз-түні күзетіп, рұқсатсыз ешкімді өткізбейтін елу шақты сарбаз ұстайды. Сондықтан өзі еш қауіпсіз ауылында еркін жататын көрінеді. Барымтамен әкелген жылқыны өз жылқысына қосып, мыңғыртып сай-салаға айдап тастайды екен.

Шормақ батыр әлгі сайдың тұйығымен кіретін жол көрсететін адам іздейді. Ақыры Қарабатырдан жәбір көрген ондай бір адам Шормаққа тұйықтан түсетін қиын соқпақты көрсетіп береді. Сол аң жүретін соқпақпен түскен Шормақ Қарабатырды айқас үстінде өлтіреді. Ауылды жау шапқанын, Қарабатырдың өлгенін естіген сай аузындағы күзет бытырай қашады. Сай басындағы жылқыны тұтасымен айдап әкелген Шормақтың жігіттері малды Албан ауылдарына, Іледен өткізіп Суан ауылдарына таратып бергендігі», – баяндалған [1].

Суан руынан шыққан Қожбамбет Ебейұлы 1815-1883 жылдар аралығында өмір сүрген. Оның жас кезінен ақ өте алғыр, қабілетті екендігі байқалады. Сонымен бірге, көріпкелдігі бар, сөзге шешен, батыл мінезді кісі болады. Әрдайым әділ шешім айтып, әділ би атанған Қожбамбетті басқа рулар да өздерінің дау-дамайларын шешіп беруге араластырған кездері болған екен. Қожбамбет Тезек төренің он екі биінің ішіндегі ең сенімді, ақылман бас биі болады.

Қожбамбет жайлы 1964 жылы Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарған «Айтыс» кітабында Сүйімбай мен Тезек төренің айтысынан, мынадай үзінділер келтіріледі. [2, 115-б.].

*Қожбамбет Суандағы сен бір дүлдүл,
Қашекеден қан жайнақ сен бір бұлбұл.
Төрем пысық болды деп Албан, Суан,
Жайдақ атқа мінгендей жұлқынып жүр.
Ал Біржан мен Сара айтысында
Ақ Найман, Қожбамбетке Арғын жетпес,*

Төртуыл Қаратайдан қазақ өтпес [2, 145-б.] – деп Сараның әнге қосуы да, сол кездегі Қожбамбеттің ел арасында беделінің жоғары екендігін аңғартады. Қожбамбет би әрдайым Тезек төренің қасында болып, түрлі шешімдерге араласып, тіптен Бақтыбай мен Тезек төренің айтысында бұл айтысқа әділ шешім айтып, төрелік те жасайды. [2, 301-б.].

Күреңбел өңірінің басты байлығы оның табиғатында. Алтынемел Мемлекеттік ұлттық табиғи қорығындағы Айғайкұм, Бесшатыр, Ақтау, Қызыл ауыз, Тайғақ атты жерлері тарихи мұралар мен табиғаттың тамаша жаратылыстары бар өңір. Алтынемел қорығы Қызыл кітапқа тіркеле бастаған аң мен құстардың сақталуына дәнекер болған жер. Алтынемел ұғымы «алтын» ол кәдімгі алтын болса, ал «емел» көне монғол тілінен аударғанда ер-тоқым яғни «алтын ер» деген мағананы білдіреді екен. Бұл асудың осылау аталуына байланысты бернеше

аңыздар да баршылық. Бұлай аталу себебі Алтынемел асуы шығыс жағынан қарағанда кәдімгі ер-тоқым секілді көзге көрінетіндіктен осылай «Алтынемел» деп аталса керек. Бұнда Қызыл кітапқа енген 21 түрлі өсімдіктер өседі. Сонымен бірге, 260 омыртқалы аңдардың түрі бар. Бұл Қазақстан фаунасының 31,2 пайызын құрайды екен [3, 56-б.]. Алтынемел мемлекеттік ұлттық табиғат бағындағы ерекше табиғат ғажайыбы ол аты әлемге әйгілі «Айғайкұм». «Айғайкұм» деп аталуы, бұнда бара қалсаңреактивті самолет дыбысына ұқсас шу құлаққа естілуіне байланысты осылай аталған болса керек. Алайда құм төбеге шыға қалсаңыз, аяғыңыздың астынан құмның ысылдаған дыбысын естисіз. Осылайша құм төбенің басына қалай шыққаныңызды білмей қаласыз. Ал төбеге шықан соң, аяқ астынан жел соқса құмның сырнайды да таза үнін естіп рахаттанасыз. Сонымен бірге, «Айғайкұм» жайлы көптеген аңыздар да баршылық. Соның бірі бұрынғы уақытта мал бағып жүріп сол маңға барғанда малдар құмнан жүре алмай жатқанда адамдар «айқай», «айқай», – деп малды айқайлап айдағаннан «Айғайкұм» аталыпты деп те айтады. Келесі бір аңыз: «Бұл өңірде керемет бір сұлу қыз болыпты оған пері ғашық болыпты. Сонда қыз «мен адамзаттан теңімді таптым, тыныш өмір сүруіме мұрсат бер», – дейді. Бірақ пері қызға «көнсең сүйікті әйелім боласың, көнбесең жердің әдемі бедеріне айналдырамын», – деген сертін ұстайды. Сөйтіп, пері ыңғайына көнбеген қызды жердің көрікті айдарына айналдырып, Іле өзенінің шығысындағы Қос Қалқаның ортасындағы әдемі айдар – Айғайкұмға айналдырады», – екен [3, 58-б.]. Міне осындай таңғажайып табиғаты бар, әділ шешім айтып, елін аузына қаратқан би-болыстары болған, елін, жерін, жаудан қорғап ерлік көрсеткен батырлары болған, Күреңбел өңірінің тарихы жайында осындай деректер алынып, этно-тарихи экспедиция барысы сәтті аяқталды.

Әдебиеттер

1. Ахметұлы Е. Шормак батыр // Жетісу – 31.10.1997.
2. Айтыс. Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964. – 115, 145, 301-бб.
3. Әлдібаев Н. Киелі мекен Күреңбел. – Алматы: Мерей баспасы, 2013. – 49, 58-бб.

References

1. Ahmet Ergali. Shormak hero // Zhetisu – 1997
2. Aityts. Kasak Memlekettik korkem adebiet baspasi 1964. – 115, 145, 301 p.
3. Adephan Torehanuli. Elim darhan, zherim bai. – Almaty Merei baspasi, 2013. – 49, 58 p.

МАЗМҰНЫ

Абдимомынов Н.Т	
МОҢҒОЛДАРДЫҢ ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ЕУРОПАҒА ЖОРЫҚТАРЫ (1241-1242)...	8
Байжуманова З.Б.	
КҮРЕҢБЕЛ Өңіріне этно-тарихи экспедиция	19
Баудиярова Қ.Б.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫ	24
Ерғазы Қ.Е.	
ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ.....	29
Қабиденов М.	
ҚР МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ	34
Талеев Д.А.	
СОЗАҚ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТІРЕК ҚАЛАСЫ	39
Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.	
АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІНДЕГІ ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ЕРЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТЕРІ.....	47

СОДЕРЖАНИЕ

Абдимомынов Н.Т	
МОНГОЛЬСКИЙ ПОХОД В ВОСТОЧНУЮ И ЦЕНТРАЛЬНУЮ ЕВРОПУ (1241-1242).....	8
Байжуманова З.Б.	
ЭТНО-ИСТОРИЧЕСКАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ В РЕГИОН КУРЕНБЕЛЬ	19
Баудиярова Қ.Б.	
ПСИХОЛОГИЯ ДЕТЕЙ В НЕПОЛНЫХ СЕМЬЯХ КАЗАХСТАНА.....	24
Ерғазы Қ.Е.	
ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА	29
Кабиденов М	
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ РК И КНР	34
Талеев Д.А.	
СУЗАК – ГЛАВНЫЙ ГОРОД КАЗАХСКОГО ХАНСТВА.....	39
Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.	
ПОДВИГИ И ОСОБЕННОСТИ КАЧЕСТВА ЛИЧНОСТЕЙ БАТЫРОВ В КАЗАХСКОЙ ТРАДИЦИОННОЙ УСТНОЙ ИСТОРИОЛОГИИ	47

CONTENTS

Abdimomynov N.T.	
MONGOLIAN MILITARY CAMPAIGN IN EASTERN AND CENTRAL EUROPE (1241-1242).....	8
Baizhumanova Z.B.	
ETHNO-HISTORICAL EXPEDITION TO THE KURENBEL REGION.....	19
Baudiyarova K.B.	
PSYCHOLOGY OF CHILDREN IN INCOMPLETE FAMILIES OF KAZAKHSTAN	24
Karlygash Ergazy	
ETHNOGRAPHIC MATERIALS OF CENTRAL KAZAKHSTAN.....	29
Kabidenov M.	
PROBLEMS AND PROSPECTS ECONOMIC COLLABORATION BETWEEN RK AND REPUBLIC OF CHINA.....	34
Dokey Taleev	
SOZAK AS A MAIN CITY OF THE KAZAKH KHANATE	39
Tasilova N.A., Baydavletova M.D.	
EXPLOITS AND ESPECIALLY THE QUALITY OF BATYR INDIVIDUALS IN THE KAZAKH TRADITIONAL ORAL ISTORIOLOGY	47

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы
2014. 2 (1)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.
Жарияланған күні: 30.06.2014.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 4,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>
Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй